

М.Ғабдуллин атындағы № 70 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша бракераждық комиссия отырысы

ХАТТАМА № 4

Бүгін, 20 желтоқсан 2024 жылы, М.Ғабдуллин атындағы № 70 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, тамақтану сапасына мониторинг мен бракераждық комиссияның отырысы болды.

Қатысқандар – 7

Қатыспағандар-1

Қатысушылар:

Төраға: Д.Кудайбергенов

Хатшы: Б.Бакишева

Комиссия мүшелері: Қ. Табаналы Ж.Әбденов, Г.Нұрбаева, М.Шүкіралиева .З Байтохина

Шақырылғандар: 1-4 класс ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы, тамақтану залының тазалығы мен эстетикалық безендірілуін қадағалау
2. Тамақ ішуді ұйымдастыру жұмысын бақылау

Талқылау:

1. Мектеп асханасының санитарлық жағдайын бақылау

ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 қаулысына сәйкес, аз қамтылған оқушыларды жалпыға бірдей білім беру қорынан ыстық тамақпен қамту мақсатында, ата – аналардың өтініші негізінде, тамыз айында құжат жинау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жергілікті бюджеттен тегін тамақтанатын 5-11 кластардан жылдың басында оқушы саны -120 қазіргі таңда 110 оқушы, оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары –11, көп балалы және аз қамтылған отбасы балалары- 42, алқалық комиссияның шешімі бойынша -13 ,төтенше жағдаймен 41 ,қамқорлықтағы бала -3 ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. 1-4 кластан 687 балатегін тамақтанып отыр. Тегін тамақтанатын оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын әлеуметтік педагогтар және класс жетекшілері күнделікті бақылайды. Ұлттық денсаулық сақтау орталығының мамандарының нұсқаулығымен дұрыс тамақтануының 2 апталық ас мәзірінің бірыңғай стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық мәзірге сәйкес күнделікті мәзір құрылып, мектеп директорымен бекітіледі. Ол әр аптаның дүйсенбі күні бекітіліп асханаға ілінеді. Оқушылардың уақытылы тамақтанып, сабақтарына үлгеруі үшін тамақтану кестесі және тамақтану барысында тәртіп сақтауы үшін мұғалімдерден кезекшілік құрылған. Мектеп асханасында 312 орын бар. Оқушылардың қол жуатын жері ұйымдастырылған. Жалпы асхананың санитарлық жағдайы, аспаздардың сыртқы киімі санитарлық талапқа сай. Оқушыларға берілетін тамаққа күнделікті бақылауды медбике жүргізеді.

Мектеп асханасында азық түлік өнімдердің сақталуы мен олардың қалыпты температурада сақтау жарамдылығы белгіленген талапқа сай. Ас мәзірі толық орындалады. тамақтың әзірлену сапасы жоғары. тағамдар жаңадан әзірленіп өз балғындылығына сай келеді. Барлық өнімнің сертификаты бар.

2. Мектептегі тамақ ішуді ұйымдастыру жұмысын бақылау:

Бракераж комиссияның мүшелері мектеп асханасының жалпы санитарлық жағдайын азық түліктің сапасын дайын өнімнің сапасын, тамақтың салмағын тексерді. Мектеп медбикесі З.Байтохина әзірленіп жатқан тағамдардың дәмін татып көрді және асхананың санитарлық жағдайын тексерді. ДТЖО Әбденов Ж. асхананың ас мәзірін тексерді. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қ.Табаналы сол күні берілген тамақтың дәмін, ал ата-аналар әзірленіп жатқан тағамдардың ас мәзіріне сай беріліп жатқандығын, оқушылардың уақытылы асханаға келуін тексерді. Тамақтың оқушыларға ұсынылуынан бастап таратылуына дейін бақыланды.

Қорытынды: Мектеп асханасында азық түлік өнімдердің сақталуы мен олардың қалыпты температурада сақтау жарамдылығы белгіленген талапқа сай. күнделікті әзірленген тамақтың сапасын құрамы талапқа сай. Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық, тамақ үлестері нормаға сай, ешқандай ереже бұзушылық көзге түспеді. беріліп жатқан тамақ ас мәзірімен сәйкес. Тағамның дәмі, иісі, түсі, құрамы, қаттылығы мен балғындығы, температурасы бәрі нормаға сәйкес. Кулинариялық өнімдердің сапасы да бақылау талаптарына сай. Тағамдар жаңадан әзірленіп, өз балғындылығына сай келеді. Барлық өнімнің сертификаты бар. Тамақтану барысында ескерту болған жоқ.

Қаулы

1. 2024 жылдың желтоқсан айындағы мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалынсын.
2. Мектеп оқушыларының жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыру санитарлық талаптарға сай жүргізіліп, алдағы уақытта да мектеп әкімшілігі тарапынан қатаң бақылауда болсын

Комиссия төрағасы:

Хатшы:



Д.Н.Кудайбергенов

Б.К.Бакишева

«М. Ғабдуллин атындағы №70 ЖББОМ» КММ

Анықтама

М.Ғабдуллин атындағы №70 ЖББОМ желтоқсан айында мониторингтік және бракераждық комиссияның кезекті тексеріс жүргізді. Тексеру барысында мектеп асханасының санитарлық жағдайы, тамақтану залының тазалығы мен эстетикалық безендірілуін қадағалау. Тамақ ішуді ұйымдастыру жұмысын бақылады.

<https://www.instagram.com/reel/CzvXA8LM0Rz/?igshid=MTRhZmU1ODE2NA=>

